



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Список использованной литературы:

1. http://semeilib.kz/?page_id=3351&lang=ru
2. <http://tarikh.kz/nezavisimyy-kazahstan/nevada-semipalatinsk/>

ӘОЖ 930.85

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Жахан Жанар

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

тарих мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Сейтказина Қ.О.

Қазақстан мен Қытай жақын көрші және ортақ таулармен және өзендермен байланысқан. Екі елдің достығы мен тату көршілігінің тамыры тереңде жатыр. Бүкіл әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы екі ел арасындағы ғасырларға жалғасқан достықтың нақты айғағы. Біздің еліміз Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныды және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сол сәттен бері Қытай -Қазақстан қарым-қатынасы халықаралық өзгерістердің сынақтарынан сұрынбей, сенімділік, тең құқылық, өзара тиімділік пен өзара ықпалдастық сипатын айғақтап, саламатты және тұрақты арнада жедел дамуда. Біздің елдеріміздің арасындағы байланыс әлемдегі тату көршілік пен достықтың шын мәніндегі жарқын мысалы болып табылады.

Бүгін екі елдің дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанына 20 неше жыл болды. Өткен 20 неше жыл екі ел үшін әлеуметтік-экономикалық даму мен мемлекеттілік құруда адам айтқысыз табыстарға қол жеткізген, сонымен қатар, Қытай мен Қазақстанның стратегиялық әріптестік қарым-қатынасын дамытуда тұрақты кезең болды деуге болады.

Қытай мен Қазақстан – шынайы және сенімді саяси серіктестер. Саяси өзара сенім – бұл екі жақты қарым-қатынастың басты басымдығы. Екі ел басшылары да Қазақстан-Жоңғо қатынасына ерекше назар аударып, үлкен мән береді. Мәселен, Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаев былай деп өз ойын ашық білдіреді: «Меніңше, адамзаттың ХХІ ғасырдағы дамуы көбінен көп қытаймен байланысты болады. Көптеген елдер Қытаймен арақатынасты өзінің сыртқы саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осындай болашағы зор, экономикасын қарышты қадаммен дамытып келе жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие». Ал еліміз басшылары да Қазақстанмен қарым-қатынасына баса мән беріп келеді. Төрағамыз Цзянь Цземинь былай дейді: Қытай мен Қазақстан басшылары екі елдің дәстүрлі достық қарым-қатынастарын дамытуға зор маңыз береді. Соңғы жылдары менің және президент Н.Ә. Назарбаевтің арасында осы күнге дейін көп кездесулер өтті. Біздің арамызда қазірдің өзінде бірлескен саяси құжаттарда өз бейнесін тапқан және екі жақты қарым-қатынастарымыздың тұрақты дамуы үшін берік саяси жаңа қарым-қатынастың заңды ірге тасы болып отырған екіжақты қарым-қатынастардың және ірі халықаралық мәселелердің үлкен тобы бойынша ортақ түсініктің бір қатарына қол жеткіздік. Жалпы, Қытай -Қазақстан басшылары қарым-қатынасты дамытудың екі жақ үшін де өте маңызды екендігін көп рет қайталап көрсетеді. Екі жақ шекара мәселесін толықтай шешті. Саяси салада да шешілмеген мәселелер жоқ. Екінші жақтың түбегейлі мүдделеріне қатысты маңызды мәселелерде де бір-бірін қолдап келеді. Екі ел басшылары тек тығыз жұмыс байланыстарын ғана емес, сондай-ақ терең жеке достық байланыстарын да ұстанып келеді. 2011 жылға дейін Төраға Ху Цзиньтао Қазақстанда жеті мәрте болса, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сапармен, сондай-ақ халықаралық жиналыстарға қатысу үшін Жоңғода 17 рет болған. Бұған қоса, екі мемлекеттің басшылары екі жақты негізде, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібінің көкейкесті мәселелері бойынша тұрақты түрде пікірлер алмасу үшін түрлі халықаралық шараларда да жиі кездесіп тұрады. Екі жақ терроризм сияқты қазіргі заманның қасіретімен күш біріктіре күресу мақсатында БҰҰ, ШЫҰ

және басқа да ұйымдар құрып, өзара тиімді іс-қимыл танытып келеді. 2010 жыл екіжақты қарым-қатынастарды дамытуда үлкен маңызға ие жыл болды. Осы жылдың алғашқы жартысында Президент Назарбаев пен Төраға Ху Цзиньтао бір-бірімен сапарлар алмасып, екі жақты қарым-қатынасты жаңа тарихи кезеңге шығаруға алғышарт жасайтын жан-жақты стратегиялық әріптестік құрып, дамытуға уағдаласты. Осылайша, Қытай мен Қазақстан өзара пайдалы сауда-экономикалық әріптестерге айналды. Соңғы жылдары елдердің ынтымақтастығы сауда-экономикалық, энергетикалық, шикізаттық емес, инфрақұрылымдық және басқа салаларда жемісті дамып келеді. Елдеріміздің сауда айналымы дипломатиялық қатынас орнаған алғашқы жылдардағы 368 млн. доллардан 2010 жылы рекордтық көрсеткішке дейін, яғни 20,31 млрд. долларға дейін өсті. Нақтылай түссек, бұл – 60 еседен астамға артқан деген сөз. Бүгінгі күні еліміз Қазақстанның аса ірі сауда әріптесі болып табылады және Қазақстан ТМД елдері арасында еліміздің екінші сауда әріптесі болып отыр. Қытай мен Қазақстан арасында тауар айналымы еліміздің Орталық Азиядағы елдермен жалпы тауар көлемінің 70 пайызынан астамын құрайды. Биыл, яғни 2015 жылы тауар айналымы 40 млрд. доллар деңгейіне жетеді деп межеленіп отыр. Бұл жерде атап көрсететін жәйт – екі елдің экономикалық ынтымақтастығы ешқандай қосымша саяси шартсыз, яғни тең құқылық, сенім және өзара тиімділік негізінде жүргізіліп келеді. Міне, сондықтан да мұндай ынтымақтастық үлкен өмірлік күшке ие және тұрақты түрде кеңейе әрі тереңдей түсе алады.

Қытай – Қазақстанның сенімді экономикалық серіктесі. Қытай бүгінгі күні Қазақстанның аса ірі импорттеріне айналған. Қытайдың Қазақстанға инвестиция көлемі 10 млрд. долларға жетсе, қазіргі кезде Қазақстанда Қытай капиталының қатысуымен 1000 ға тарта кәсіпорын жұмыс істейді. Қытайлық кәсіпорындар пайда таба отырып, өзінің әлеуметтік жауапкершіліктері туралы да ұмытқан емес. Олар жергілікті әлеуметтік даму бағдарламаларына белсенді қатысып, қазақстандық жұмысшыларды дайындаумен қатар, темір жол, жылыжай құрылыстарын салуда. Сөйтіп, еңбекпен қамту, жергілікті салық түсімдерін ұлғайту мәселелерін шешуге өз үлестерін қосуда. Жақындағы халықаралық қаржы дағдарысы кезінде еліміз Қазақстанға 13 млрд. доллар көлемінде несие ұсынып, өзінің осы іс-әрекеті арқылы Қазақстан экономикасына қолдау көрсетті. Алға көз тігетін болсақ, елдеріміздің іскерлік ынтымақтастық әлеуеті әлі де жоғары екенін көреміз және оның болашағы аса зор екенін байқаймыз.

Елдеріміздің мәдени-қоғамдық салада да әріптестер екенін айта кеткен жөн. Екі елдің мәдени дәстүрлері, салттары мен саналары әрқилы. Жоңғо мен Қазақстан арасындағы достық байланыстардың тереңдей түсуіне орай жыл өткен сайын екі ел азаматтарының бір-біріне жұмысқа, оқуға немесе саяхатқа келулері жиілей бастады. Бүгінде елімізде бірнеше мың қазақстандық студент білім алады, еліміз Қазақстаннан келіп ақысыз оқитын студенттердің жыл сайынғы санын 200 адамға дейін көбейтті. Қазақстанда да мыңнан аса Қытайлық студент білім алады. Бүгінде Қазақстанда Конфуцийдің(孔子学院) үш институты ашылды. Оның бірі Алматыдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, екіншісі Астанадағы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, үшіншісі Қарағанды қаласында. Конфуций институттары қазақстандық студенттерге хан тілі мен мәдениетін үйренуге зор мүмкіндік береді. Қазақстанда жыл сайын «Қытай тілінің көпірі» байқауы өткізіліп тұрады. Оның жеңімпаздары елімізде өткізілетін шешуші сайысқа жолдама алып, елімізде ақысыз оқуға мүмкіндік алады. Мәдениет саласында да жақсы байланыстар жолға қойылған. Екі жақтың өнерпаздары алмасып концерт беріп тұрады. қазақстандықтар Шанхайдағы «ЭКСПО-2010» көрмесінде өз тауарларын қойды, ондағы Қазақстан көрмесі тек Қытайлықтар арасында ғана емес, шетелдік саяхатшылар арасында да зор қызығушылық тудырды. 4-5 жыл болды, әр жылдың Ақпан айының соңында, Қазақстанда «Көңілді көктем мерекесі» іс-шаралары өткізіліп, онда танымал Қытайлық әртістер өнер көрсетеді.

Қытай -Қазақстан қарым-қатынасы өміршеңдігінің бастауы олардың дамуы екі ел халықтарының мүдделеріне түбегейлі жауап беретіндігінде және екі елдің тұрақтылықты сақтау мен дамыту талаптарына толық сәйкес жүргізілетіндігінде жатыр деп айтуға болады. Бұл арада екі мемлекеттің де ынтымақтастықтың арқасында нақты тиімділік пен өзара пайда

көріп отырғанын, қай жақ артықшылыққа ие немесе бірі екіншісіне қысым көрсетуде деген тұрғыда сөз қозғалуы мүмкін емес. Қытай мен Қазақстанның ынтымақтастығы шын мәнінде өзара пайдалы негізде жүргізіліп, қос жаққа да нақты пайда әкелуде. Еліміздің дамуы Қазақстан үшін қатер емес, үлкен мүмкіндік. Осыны жақсы түсінгендіктен де Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстанның басқа да басшылары елімізбен ынтымақтастықты жан-жақты дамыту Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі екенін үнемі айтып келеді.

Жаңа Қытай жүріп өткен соңғы 66 жыл, оның ішінде, әсіресе, реформа мен есікті ашық ұстау саясатын жүргізілген соңғы 30 жылдан астам уақытта еліміз зор өзгерістер мен тамаша табыстарға қол жеткізді. Еліміз жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға табысты өтті. Сөйтіп, тарихи бетбұрыс жасап, сыртқы дүниеге жабық мемлекеттен жан-жақты ашық экономикалы мемлекетке айналды. Еліміз экономикасы жылдық 10 пайыздық өсімін сақтап дамыды. Ішкі жалпы өнім 2010 жылы 6 триллион долларға жетсе, 1978 жылмен салыстырғанда 16 есеге көп және бұл көрсеткіш бойынша еліміз әлемде екінші орынға шықты. Еліміз WTO-ға өткен 2001 жылғы кезеңнен бері елдің орташа жылдық импорты шамамен 750 млрд. АҚШ доллары болса, тиісті елдер мен өңірлерде 14 млн.-нан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Өткен 10 жыл бедерінде Қытайдағы шетел инвестицияларының қатысуымен жұмыс істейтін кәсіпорындар елімізден 261,7 млрд. доллар табыс әкетті, бұл көрсеткіштің орташа жылдық өсімі 30 пайызды құрады. 2000-2010 жылдары Қытайдың шетелдердегі тікелей қаржылай емес жылдық инвестициялары шамамен 1 млрд.-тан 59 млрд. долларға өсті. Сөйтіп, тиісті елдердегі экономиканың дамуына үлкен серпін қосты. 2009 жылы шетелдерде жұмыс істейтін Жоңғо кәсіпорындары төлеген салық көлемі 10,6 млрд. АҚШ доллары болса, Сол кәсіпорындарында жұмыс істейтін жергілікті тұрғындар саны 439 мың адамға жетті. Халықарада осындай табысқа жетудің басты себебі -- еліміз бейбіт даму жолын ұстанғандығында. Елімізге бейбіт және тұрақты халықаралық орта қажет. Сол үшін Қазақстанмен бейбіт жағдайда тепе-тең тұру принципі негізінде қарым-қатынасты дамыту еліміз сыртқы саясатының басты бір бағыты. Еліміз Қазақстанмен қатынасын дамытуға ерекше назар аударып, оны сыртқы саясатындағы ең басты орынның біріне қойып отыр. Қазақстанмен достық қатынасты жақсарту еліміздің батыс солтүстік аймақтарында тыныштықпен осы аймақтың экономикасын дамытуға септігін тигізетіні де белгілі. Бұндай тамаша қарым-қатынастың тамыры тереңде жатқанын ескерсек, төменде алдымен соған азырақ тоқталайық.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан жеке тәуелсіз мемлекет болып құрылғаннан кейін оның сыртқы саясатында атқарар ісі көп болды. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасына қатысты ұстанып отырған сыртқы саясаттағы стратегиясы жалпы Жоңғоның даму потенциалы мен дүние жүзіндегі геосаяси жағдайына және оның Қазақстанның сыртқы саясаттағы алар орнынан туындайды.

Халқымыз «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейді. Осыған ұқсас мақал елімізде де бар: «Жақын көрші алыс туысқаннан жақын» (□□不如近□). Себебі мейірбанды көршілер арасында бейбітшілік пен татулық, өзара түсіністік пен көмек орнығады.

Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастардың мыңдаған жылдық тарихы бар. Кез-келген жаңа нәрсені бастарда біз оған қатысты өткен тәжірибемізге сүйенеміз, тарихқа жүгінеміз. Бүгінгі күні саяси стратегияны көп жағдайда саяси сана анықтайды. Сондықтан қазіргі саясаттың жай-жапсарын айтпас бұрын оның қалыптасуына әсер еткен негізгі тарихи факторларға көз салып, екі ел қарым-қатынасының тарихына шолу жасап өткеніміз жөн.

Ежелгі Қытай жылнамаларындағы «Батыс өңір» («西域») атты сөз, ең алдымен, Қазақстан және Орта Азия өлкелерін меңзейді. Ұлы Жібек жолы да осы елдер арқылы өткендігі мәлім.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында Қытайдың алатын ерекше орнын екі ел арасындағы 4 мың жылға жуық байланыстар тарихымен де көрсетуге болады. Қазақстан

мен еліміздің территориясында өмір сүрген мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасы, өзара байланыстарының орнауы б.з.д. II ғасырда, үйсін тайпалық бірлестігі мен Хан патшалығы заманынан басталады. Содан бергі ұзақ тарихи дәуірде қазақ халқының арғы тегі болған сақ тайпаларының Азияның орталық жағындағы патшалықтарымызбен болған түрлі формадағы қарым-қатынастары кейде жиіленіп, кейде сиреп отырады.

Ал қазақ халқы өзі бір ұлт болып қалыптасып, өз алдына бір тұтас мемлекет ретінде елімізбен өзара қарым-қатынас орнатып «Ұлы көршісіне» қатысты сыртқы саясатын анықтаған кезең XVII-XVIII ғасырларда басталады.

XVII-XVIII ғасырда қазақ халқы үшін Жоңғарлардың шапқыншылық соғыстарының өршіген, жұт пен жоқшылық жылдары болды. Жоңғар шапқыншылығы қазақ хандығының ішкі тұтастығына да іріткі салды. Өзара феодалдық қақтығыстар да туғызды. Құлдыраған елді біріктіру мақсатындағы стратегия XVIII ғасырда Цин империясымен тікелей байланысқа мүдделі етті. Шын мәнінде бұл байланыс екі жақтың да мүдделігінен келіп шығады. «Қазақтар Цин империясына арқа сүйеу арқылы өзінің саяси дербестігін сақтап қалуды көздеумен бірге, жоңғарлар дәурендеген кезеңдерде қолдан кеткен, соңында Цин патшалығының қарауына өткен ата мекендерін бейбіт жолымен қайтарып алуды мақсат етті, сондай-ақ экономикалық жағынан Қытайлықтармен айырбас сауда жасау арқылы өздерінің тұрмыстарын жақсартуды көздеді», - деген ойды осы кезеңді зерттеуші Н.Мұхамедханұлы тарихи деректермен дәлелдеп берді. Ал Цинь патшалығы өз тарихы да қазақтармен достық қарым-қатынастар арқылы оны Ресейдің шығысқа қараған шабуылына тосқауыл етті. Сол арқылы өздерінің батыс шекараларының тыныштығын қамтамасыз етуді мақсат етті. Ал сауда қарым-қатынастары арқылы Тянь-Шань өңіріндегі әскери және өндіріс орындарының және өздерінің жылқыға деген сұранысын қамтамасыз етуді мақсат етті. Осындай екі елдің бір-біріне болған мүдделілігі, екі елдің арасында XVIII ғасырда достық қарым-қатынастар орнатып, тығыз байланыстырды.

XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін екі ел байланыстары бұрынғы негізде жалғаса берді. Алайда, бұл тұста сауда-саттық, саяси барыс-келіс күрт азайды. Оның себебі, Цин патшалығы іштей құлдырап, бұрынғы империялық құдіретінен айырылып қалған еді. Ол басқа елдерінің талан-таражына ұшырап, еліміз жартылай отар, жартылай феодалдық мемлекетке айналды. Ел ішінде қырқыстар күшейіп, бұқаралық қозғалыстар белең алды. Ал патшалық Ресейдің отаршылдары дәл осы кезде Орта жүз бен Ұлы жүзді өзіне бағындырып, бүкіл Қазақстанға өзінің үстемдігін орнатқан соң, қазақтардың Цин патшалығымен, тіпті олардың Тянь-Шань өңіріндегі халықтармен байланыс жасауын шектеген еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Ресейге толық қосылуының аяқталуымен қатар, қазақ хандығының ықпалы кеміп, олар тарихи сахнадан кете бастады. Қазақ даласына Ресейдің мемлекеттік жүйесі күшпен енгізіліп, Қазақстан тәуелсіз мемлекет дәрежесін жоғалтты. Бұл Қазақстанды Ресейлік «қамқорлыққа» алудың басы еді. Осы кезеңнен бастап Қазақ хандығында халықаралық және территориялық мәселелер тек Ресейдің қас-қабағымен ғана шешілетін болды. Қазіргі Қазақстанның Қытаймен шекарасының нобайы XIX ғасырдың 60-90 жылдары анықталды. Ол төмендегі шарт негізінде белгіленген болатын.

- 1860 жылғы 2 қарашадағы Бейжиң қосымша шарты. Онда шекараның жалпы бағыты анықталды.

- 1864 жылғы 25-қазандағы Шәуешек хаттамасы. Шекараның географиялық бағыттар бойынша өтуін анықтады.

- 1881 жылғы 12 ақпандағы Санкт-Петербург шарты. Шекараның Зайсан көлі ауданы арқылы өтуін нақтылау және Қытайға Құлжа қаласы орталығы болып табылатын Іле өлкесі қайтарылды.

Бұдан кейін 1882-1890 жылдары шекаралық бағандармен жұмыстар жүргізіліп, 1894 жылдың басында Ресей және Цин үкіметінің ұзақ жылдардағы жұмысы Орталық Азия шетіндегі Ресей - Қытай шекарасының белгіленуімен аяқталды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Патшалық Ресей Кеңес Одағы

мемлекеттерінің құрылымы жаңа қалыптаса бастаған аумалы-төкпелі заманы болғандықтан, олардың Қытайға қатысты анықталған саясаты болған жоқ. Оның үстіне бұл кезде Цин патшалығы да әлсіреп, соңғы күндерін көріп, белгілі бір сыртқы саясат жүргізуге қабілетсіз болатын.

1917-1922 жылдары кезіндегі тарихи оқиғаларға байланысты мемлекеттік шекара қараусыз қалды. 1949 жылы Қытай халық республикасының құрылуымен Қытай-Кеңес қатынастары бір жүйеге түсіп, оның ішінде Орталық Азия аймағына байланысты мәселелер де бір қалыпқа енеді. 1950 жылы 14-ақпанда қол қойылған Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «Достық, одақтастық және өзара көмек келісіміне» орай екі ел арасында әскери-саяси одақтарға лайық, жаңа қарым-қатынастар өз бастауын алды.

1987 жылдан екі ел шекара мәселесін шешу қайта қолға алынды, онда екі ел шекарасына сәйкес келмейтін жерлерді анықтай отырып, ауданы 34 мың шақырым жер даулы деп танылды.

Шекара мәселесін мынадай басты принциптер негізінде шешу жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізді: біріншіден, екі ел шарттарының негізінде, екіншіден, халықаралық құқық нормаларына сәйкес, үшіншіден, әділ де ұтымды, төртіншіден өзара түсіністікпен көнушілік рухында. 1983 жылдан, екі ел қатынастарындағы сауда-саттық жаңадан жандана бастауына орай, Орта Азия мен Қазақстан Республикалары да осы іс-шараларға біртіндеп тартыла бастады.

Қытай мен Қазақстан арасындағы мүлдем жаңа қатынастар, Кеңес Одағының күйреуі нәтижесінде бұл аймақта бес бірдей халықаралық құқық субъектілері дүниеге келуі және олардың үшеуінің Шыңжаңдағы ірі-ірі этникалық диаспоралары мен Қытай мен өзара ортақ шекараларына байланысты айрықша белестерге көтеріледі.

Өздерінің даму бағыттары мен ішкі және сыртқы саясаттарында саралы жолдар тауып үлгермеген жас мемлекеттердің пайда болуы, әрине Орталық Азиядағы саяси күштердің ара салмағына айтарлықтай өзгеріс енгізді. Оларға осы елдер басшыларынан келтіріліп жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және идеологиялық қиыншылықтарды қосыңыз. Аймақта Мәскеу ықпалының әлсіреуі мен жаңа елдердегі тұрақсыздықтардың қауіпі Қытайға өз саясатына елеулі өзгерістер жасауға мәжбүр етті.

Біздің пікірімізше посткеңестік Орталық Азиядағы бүгінгі саясатта төмендегі мәселелерді атап өткен ләзім:

Біріншіден, мемлекеттің геосаяси жағдайы мен оның посткеңестік Орталық Азиядағы рөлі, әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты және белсенділік таныту деңгейі.

Екіншіден, саяси күштер арасалмағы, ел басшылығының ішкі экономикалық және саяси ахуалдарды бақылауға қабілеттілігі, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықтар деңгейі.

Үшіншіден, діни ұйымдар жұмыстарының мақсаттары (негізінен ислам) мен ел басшылығының жүгініп отырған ішкі және сыртқы саясатына олардың тигізер ықпалдары.

Төртіншіден, Ресей Федерациясымен қарым-қатынастардың сипаты, оған қоса мұсылман елдері, Қытай Халық Республикасы және халықаралық құқықтың басқа да субъектілеріне қатысты мәселелер.

Бесіншіден, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы моделдерінің «Қытай моделі» мен «Қытай Халық Республикасы сыртқы саясаты негіздерімен» салыстырылған мүмкіншіліктері [9].

Еліміз өзінің Орталық Азияға қатысты саясатында аталған факторлардың бәрін де ескеруіне тура келеді. Ал олардың қайсысына басымдау көзқараспен қарау, әрине, сол шешім қабылдар сәтте Орталық Азия елдеріндегі қалыптасқан ахуалдар мен еліміздің өз ішіндегі жағдайлар ыңғайына орай шешіліп отырады. Жаңа мемлекеттер негізінен басынан кешіріп отырған көптеген қиыншылықтар мен аймақтағы тұрақсыздықтар әрі Ресей, Түркия, Иран және АҚШ тараптарынан ықпал ету жолындағы өзара бәсекелестік іс-әрекеттер, сөз жоқ, елімізді ұстамдық танытуға жетелейді.

Қытай мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас қалыптасқанға дейін

әр түрлі салаларда байланыстар болған. Дегенмен, толыққанды мемлекетаралық қатынастар орнағанының бастапқы нүктесі ретінде 1993 жылдың қазанындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елімізге алғашқы ресми сапары кезінде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «өзара достық қарым-қатынастарының негіздері туралы Бірлескен декларацияны» санауға болады. «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы достық қарым-қатынасының негізгі жөніндегі Ортақ Декларация» екі көршілес мемлекет арасындағы қатынастардың сипаты мен ерекшелігін анықтайтын бірқатар шарттар мен келісімдерді әзірлеудің және жоғары дәрежедегі сапарлар алмасудың негізін қалады. Осы кездесу барысында Қытай Халық Республикасы мен экономикалық ынтымақтастық маңызды екендігін және сыртқы сауда экономикалық байланыстардың, әсіресе транспорт саласында жеткіліксіз екендігін айтты. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміз территориясы арқылы Қазақстанның Тынық мұхитқа шығар жолы туралы айтқан идеясы екі жыл өткен соң орындалды. Елбасының ислам фундаментализмі мен сепаратизміне қатысты ашық позициясы елімізге үлкен әсер қалдырды. Сонымен қатар Н.Ә. Назарбаев Лобнордағы ядролық сынақтар жөнінде мәселе көтеріп, Лобнор мен Семей полигондарын зерттейтін ортақ комиссия құру туралы идея көтерді. Алайда ондай комиссиялар әлі де құрылған жоқ. Ол туралы еліміз мамандары өзінің пікірін былай деп білдірді, «Біз Қазақстанның ядролық қарусыздандыруға байланысты ұсыныстарын өте жоғары бағалаймыз. Қауіпсіздік кепілдемесіне түсіністікпен қараймыз. Біз өз тарапынан ешқандай жағдайда да ядролық қару жоқ елдерге басқыншылық жасамаймыз. Ал Қытайдағы ядролық қару-жарак тек жеке қорғаныс мақсатында пайдаланылады, Біз ядролық қарудың дүние жүзі бойынша қысқартылуын қолдаймыз» дейді [5].

Ел қауіпсіздігінің берік кепілдігін қамтамасыз етудегі жоспарлы, мақсатты жұмыс басталды, Қазақстанның жас дипломатиясы қазіргі Қытай -Қазақстан қарым-қатынастары деңгейіне дейінгі күрделі жолды еңсере білді. Халықаралық қатынастар тәжірибесіндегі салыстырмалы қысқа уақыт ішінде ең басты мәселелерге қол жеткізілді. Олар Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасына қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы үш бірлескен декларация қабылданды, шекара мәселелеріне біржола нүкте қойған Қытай - Қазақстан шекарасы туралы келісім, әскери саладағы сенімді нығайту туралы Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және еліміз арасындағы келісім, шекара аумағындағы қаруларды және қарулы күштерді қысқарту туралы келісімге қол қойды. Құрамына екі ел де кірген «Шанхай бестігі» негізінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) құрылды.

Осы елдердің Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастығына толық тоқтала кетейін. Аймақтық қауіпсіздікті нығайтудағы және көпжақты экономикалық ынтымақтастықты дамытудағы үлкен жеңіс деп Қазақстан Президентінің бастамасымен 1998 жылы Алматыда өткен Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Қытай Халық Республикасы мемлекеттері басшыларының кездесуін санауға болады. Кездесудің қорытындысы бойынша Бірлескен маңызды мәлімдемеге қол қойылды. Бұл 1996 жылы Шанхайда және 1997 жылы Мәскеуде басталған диалогтың жалғасы еді. Аталған форумның идеялары қатысушы мемлекеттер басшыларының 1999 жылы Бішкектегі кездесуі барысында және 2000 жылдың наурызында Астанада өткен «Шанхай бестігі» қорғаныс министрлерінің кеңесі кезінде одан әрі дамытылды. Қорғаныс министрлері Бірлескен мазмұндама қабылдады.

2000 жылдың сәуірінде Мәскеуде бес мемлекеттің құқық қорғау органдары және арнайы қызмет басшылары деңгейіндегі «Бішкек тобының» кезектен тыс отырысы өтті. 2000 жылдың шілдесінде Душанбеде «Шанхай бестігіне» қатысушы бес мемлекет басшыларының кездесуі болды. Бұл кездесудің алдында қатысушы мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің отырысы өтті. Нақ сонда «Шанхай бестігі» Үкімет басшыларының кездесуін өткізу туралы Қазақстан бастамасын еліміз қолдады. 2001 жылдың қаңтарында Бейжіңде «Шанхай бестігі» мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің кездесуі болып өтті. Ұлттық үйлестірушілердің жұмысы және кейін сыртқы істер министрлерінің кездесуі «бестікке»

қатысушы мемлекеттер басшыларының саммитін ұйымдастыруға бағытталды. Саммит 2001 жылғы 15 маусымда Шанхай қаласында «Шанхай бестігінің» бес жылдығы және форум негізінде халықаралық ұйым құру белгісімен өтті. Саммитте «бестік» және Өзбекстан Республикасының басшылары «Шанхай ынтымақтастық ұйымын» құру туралы Декларацияға қол қойды. Сондай-ақ терроризм, сепаратизм және экстремизмнен күресу туралы Конвенцияға, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан шекараларының түйісу нүктесі туралы Келісімге қол қойылды. Алты елдің сыртқы істер министрлері «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Ұлттық Үйлестірушілері туралы уақытша ереже» қабылдады [11].

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы Шанхай Конвенциясының маңызы ұлан-асыр. Сондай-ақ, Әлемдік және аймақтық қауіпсіздікке төніп тұрған жаңа қатерлерге бірлесе қарсы тұру туралы келісімді біздің елдің сыртқы саясатының ірі табысы деп айтуға болады. Бұл өзара сенім мен түсіністік, мемлекеттердің көпжақты интеграцияға және достық қатынастарды алдағы кезде дамытуға ұмтылудың нақты дәлелді болды.

2001 жылдың 12-13 қыркүйегінде Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің премьері Чжу Жунцидің Қазақстанға ресми сапары болып өтті, екі жақты ынтымақтастықты белсенді ету бойынша бірқатар мәселелер талқыланды. 14 қыркүйекте Қазақстан жағының бастамасы бойынша, өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымы Үкімет басшыларының бірінші кездесуінде аймақтық, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен бағыттары, сондай-ақ сауда және инвестициялар саласына қолайлы жағдай жасау тетігін іске қосу мәселелері талқыланды. Бұл екіжақты да, көпжақты форматта да елдердің қысқа уақыт ішінде қол жеткізген өзара қарым-қатынастарының өте жоғары деңгейінің көрсеткіші байқалады.

Еліміз Ресей мен Үндістан қатарында Азиядағы өзара ықпалдасу және сенім шаралары жөніндегі кеңестің белсенді мүшесі. Осы елдердің жан-жақты қолдауы, сондай-ақ олардың аймақтағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы Қазақстанға бұл бастаманы ойдағыдай жүргізуге мүмкіндік берді.

Қытай Халық Республикасының қуатты экономикалық қарымы, оның адам ресурстары ешкімге құпия емес. Еліміздің даму қарқыны, оның экономикадағы, әлеуметтік саладағы жетістіктері көпшілікті таң қалдырады. Нью-Йорктегі мыңжылдық саммитінде Қытай Халық Республикасының төрағасы «Қытай әлем тәртібінің көп полюсті принципінің жақтаушысы болып табылады және барлық шет елдермен ынтымақтастыққа ұмтылады», -деп қадап айтты. Қытай Халық Республикасы тату көршілік және достық негізінде сыртқы саясат жүргізуді ниет етеді және көрші елдер елімізбен осындай негізде қарым-қатынастар қалыптастырады деген үміт артуда. Екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың даму барысы осыған дәлел бола алады. 2000 жылы екі жақты тауар айналымының көлемі ең жоғарғы деңгейге жетіп 1 миллиард, 557 миллион АҚШ долларын құрады. Салыстырсақ, 1994 жылы Қазақстан Республикасы статистикалық мәліметтері бойынша өзара сауданың көлемі 218,7 миллион доллар болған екен. Және өткен уақыт барысында бұл көрсеткіш тек қана өсу жағына өзгерді. Жалпы айтқанда екі ел арасындағы тауар айналымының өсімі бізді қанағаттандырады. Сауда саласында тауарлар тізімдемесін кеңейту және тауарларды өзара жеткізу көлемін арттыру бойынша жұмысты белсенді, ету қажет, саудаға тұрақты сипат беру керек. Екінші жағынан, біздің ынтымақтастығымыз сапалық жаңа деңгейге көтеріліп келеді [12].

Бұл бағытта ынтымақтастықтың тұрпаты мен әдістерінің сапасын, тауарлар сапасын компаниялар мен фирмалардың сапасын атап айтуға болады. Қазір барлық елдер, өмірдің барлық салаларындағы жаһандасу процестерін ескере отырып, әріптестіктің өркениетті түріне жедел көшу қажет. Біз ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне қолайлы жағдай туғызуда, халықаралық тасымалдау және транзит саласындағы даулы мәселелерді шешуде, кеден және шекара қызметтері жұмысын жетілдіруде жігерлі іс-әрекет жүргізу қажет деп білеміз.

Қытай-Қазақстан қатынастары Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде жергілікті серпінде

дамып отыр. Мұндағы ынтымақтастық ұлттық көз-қарастар мен мүдделерге толық немесе ішінара сай келетін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының күн тәртібіне кіретін мәселелерді шешуге бағытталған ұстанымдарға талдау жасау негізінде қалыптасады. Қытай Халық Республикасымен өзара ынтымақтастықтың басымдылығын ескере отырып Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының сайланатын органдарында бұл елдің кандидатураларына қолдау көрсетеді.

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы бастамалар да қызықты болып көрінеді. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Сейсмология институты Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік сейсмология бюросымен (Бейжің қаласы) және Қытай Халық Республикасы Шыңжан Ұйғыр Автономиялық Районының сейсмологиялық бюросымен (Үрімші қаласы) біздің елдеріміз үшін ортақ жер сілкінісерді болжау мәселелері бойынша тәжірибелі алмасу өткізіп жүр.

Білім беру саласындағы ынтымақтастық әжептеуір дамып келеді. Жыл сайын студенттер, стажерлар және аспиранттар алмасудан өтеді.

Телекоммуникациялар және пошта байланысы саласында еліміздің «Хуа Вей Технолоджи» ірі компаниясымен тығыз ынтымақтастық байланыс орнатылды. Компания 1999 жылы «Қазақтелеком» қызметкерлері үшін екі күндік семинар өткізді. 1998 жылы Қытай Халық Республикасы Үкіметі атынан «Бөбек» қайырымдылық қорына 1520 нөмірге арналған цифрлық телефон станциясы берілді.

Біз 2001 жылдың күзінде Қазақстан мәдениетінің Қытайдағы күндерін өткіздік. 2002 жылы Қытай мәдениетінің Қазақстандағы күндері өткізілді. Жоңхуа Халық Республикасы елшілігінің ұсынысы бойынша жыл сайын түрлі ғылыми конференция ұйымдастырылады.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы өзара түсіністік өзінің жалғасын нақты іс-шаралардан тауып жатыр. 1995 жылы елімізде Абайдың 150 жылдығын тойлау бойынша іс-шаралар кешені Қазақстан делегациясының қатысуымен жүзеге асырылды. Мерейтой кезінде екі ел мәдениет министрліктерінің 1995-1997 жылдарға арналған ынтымақтастық жоспарына қол қойылды. Бейжіңдегі Ұлттар баспасынан Абайдың жыр жинағы хан тілінде жарық көрумен бірге, Қазақстан Республикасының Бейжіңдегі елшілігінің белсенді атсалысуымен Н.Ә. Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы» және «Ғасырлар тоғысында» атты кітаптары да хан тілінде басылып шықты.

Алматыға және Қазақстанның бірқатар облыстарына Шыңжаңның Іле Қазақ автономиялы облысынан шығармашылық үздік өкілдер және мәдениет қайраткерлері келген. Осының барлығы көршілес екі мемлекет халқының бір-бірінің мәдениеті мен дәстүрлеріне қанығуына мүмкіндік тығызды. Бейжіңдегі Қазақстан елшілігі «Қазақстан-Қытай тату көршілік және іскерлік қатынастар жолымен 5 жыл» атты жинақ бастырды. (қазақ, хан және орыс тілдерінде). Қытай мен Қазақстан арасындағы соңғы жылдары қол жеткізілген барлық келіссөздер біртіндеп іске асырылып келеді. Шекара бойынша барлық мәселелер шешілді, екі жақты өзара тиімді сауданың дамуына қолайлы жағдай қамтамасыз етіліп жатыр, іскер және қоғамдық топтар арасындағы байланыстар мен өзара алмасулар белсенді бола түсуде.

Қытай мен Қазақстан тұрақты даму мен экономикалық гүлденуге бағытталған екі жақты сындарлы байланыстар үшін келісімнің құқықтық негізі қаланды деп айтуға болады. Дипломатиялық қарым-қатынастар орынағаннан кейін саяси, экономикалық, әскери, мәдени және әлеуметтік салалардағы екі жақты қатынастарды реттейтін мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық сипаттағы 60-тан астам келісімдер мен шарттарға қол қойылды.

Қазақстан Республикасы мен еліміз арасындағы өзара қарым-қатынастардың негізінде достық және тең құқылы ынтымақтастықтың негізі қаланды. Енді осынау іргетасқа алып құрылыс салуға болады.

Жас тәуелсіз мемлекеттің - мемлекеттік шекараны көрші мемлекеттермен бейбіт дипломатиялық жолмен шешуі Қазақстан үшін маңызды шаралардың бірі болды. Қытай - Қазақ шекарасы мәселесіндегі Кеңес Одағынан мұра болып қалған кейбір таласты жерлер мәселелерін көрші мемлекетпен достық қарым-қатынас орната отырып шешудің мемлекет

үшін маңызы аса зор болды.

Қытай Халық Республикасы - Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздігі мен экономикалық дамуына әсер етуші негізгі сыртқы факторлардың бірі ғана болып қоймай, Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі болып табылады. Қазақстан мен еліміз арасындағы шекараның жалпы ұзындығы шамамен - 1740 шақырым [13]. Қытай - Қазақстанның Тынық мұхит аймағына өтетін, ондағы елдермен байланыс орнататын «көпірі» тәрізді, өйткені, еліміз Қазақстан тауарын өткізетін үлкен сауда аймағы ғана емес, Қазақстанның әлемнің тез дамып келе жатқан аймағы Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азияға шығатын «шығыс қақпасы» іспеттес. Саяси және экономикалық жағынан Қытай Халық Республикасы Қазақстанды «Батыс қақпа» деп атайды [13].

Қазақстан Шығыстағы осынау ұлы көршісімен араласудың бай тәжірибесін молынан жинақтаған. Қазақтың ұлттық тарихының ұзына бойына Аспан асты Елімен қарым-қатынас ең басты маңызға ие болып келген. Адамзаттың ХХІ ғасырдағы дамуы көбіне-көп Қытаймен байланысты болады. Көптеген елдер Қытаймен ара-қатынасты өзінің сыртқы саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осынау болашағы зор, экономикасы қарқынды кадаммен дамытып келе жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие [1].

Мемлекеттер арасындағы тұрақты, көнеден келе жатқан дәстүрлі және сыналған өзара қарым-қатынас пен шынайы байланыстардың негізі өзара сауда мен экономикалық ынтымақтастық болып табылады. Қазақстан мен еліміз арасындағы сауда байланыстарының терең тарихы бар, оның маңызды кезеңі бізге Жібек жолы тарихынан белгілі. Қазақстан мен Қытай арасындағы бүкіл тарихқа шолу жасасақ. Саудаласушы екі жақтың өзара қарым-қатынасы мен экономикалық мүмкіндіктерінің көрсеткіші іспетті өркендеуі мен күйзеліс кезеңдері жиі алмасып тұрған сан ғасырлық сауда байланыстарының болғандығын көреміз.

Өртүрлі тарихи кезеңдерде Қытай Қазақстан және Орталық Азия елдерімен болған сауда байланыстары стихиялы түрде болды.

Өзінің Құлжа мен Қашқарға сапарында Ш. Уәлиханов қол жазбаларында еліміздің батысы мен Қазақстан арасындағы сауда байланыстарына өте үлкен мән берді. Ол еліміздегі ішкі сауданы жан-жақты сипаттап зерттеулер жүргізеді. Сауда көлемі, товардың өту деңгейі, сұраныс конъюнктура, әуелі дайындалу технологиясы да кәсіби деңгейде анықталған, сондай-ақ, еліміздің батысындағы негізгі сауда Орта - Азиялықтардың қолында деп айтылады. Ұлы ғалымның жазбаларынан Қазақстан мен еліміз арасындағы сауда байланыстарының өзгерістері де анық көрінеді одан екі ел арасындағы байланыстардың өзіндік дәстүрі қалыптасқандығының және сауда өзара тең сұраныстан туғандығына, көз жеткіземіз [2]. Екі арадағы қарым-қатынас үнемі жайлы болды десек қателескен болар едік. Тұрмыстық жағдайдағы түсініспеушілік мәселелері де үнемі болып тұрды. Бірақ ол қандай да саяси қарама-қайшылықтарға қарамастан экономикалық ынтымақтастық үнемі жалғасып жатты және ол байланыстар екі мемлекеттің прогресс жолында дамуына жағдай жасап, үнемі өзара тиімді болып отырды. Бұған екі ел арасындағы экономикалық байланыстары жөніндегі түпдеректер мен құжаттар куә бола алады. Ресей империясы кезінде Қазақстан сауда байланыстары жағынан өзінің шекаралас орналасуына байланысты екінші орынға ие болды. Ал кейін Кеңес одағы кезінде ол қарым-қатынастардағы Қазақстан позициясы бұрынғыдан да бекей түсті. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылған соң еліміз бен Кеңес одағы арасында өзара ынтымақтастықта өте жемісті кезең басталды. Қазақстанда да «Кеңес-СиньЦзян саудасы» шеңберінде ондаған кәсіпорындар құрылып, сауда жүргізілді.

Қытай-Кеңес сауда байланыстары жөніндегі барлық зерттеулерде ондағы Қазақстанның алар орнына міндетті түрде көңіл бөлінеді. Оның барлығы объективті қатармен жасалған шынайы документтерден тұрады.

1991 жылғы желтоқсанда Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамыту мақсатымен достық, ынтымақтастық, теңдік және өзара тиімділік негізінде сауда-экономикасының келісімін жасады. Ол бес жыл мерзімге күшінде болды. Ал 1992 жылы ақпанда Қытай -Қазақстан

үкіметаралық мазмұнамасына қол қойды. Онда азаматтық авиация, темір жол және автомобиль транспорты, экономика, сауда, ғылым мен техника саласында екі ел жан-жақты ынтымақтастықты келісім бойынша, Қазақстан 1993-1995-ші жылдары елімізден 30 миллион жанға әртүрлі тауарлар мен жабдықтар алды. Бірқатар құжаттар елшілік мәселесіне, шекарадан өткізу пунктерін ашуға, Қытай мен Қазақстан азаматтарының өзара сапарларына арналады. Сонымен қатар Қазақстан территориясында Қытай дүкендерінің жүйесін ашу көзделді. Соңғы жылдары Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районы мен Қазақстан арасында сауда-экономикалық байланыстар дамып отыр. Мұнда 1992 жылдың сәуір айынан бастап теміржол қатынасы орнатылды. 1992 жылдың тамыз айында Қытай мен Қазақстан арасында өкілдіктер ашу туралы келісімге қол қойды.

Мемлекеттік тәуелсіздікке жеткен соң Қазақстан республикасында жаңа жағдай қалыптасты. Мұндай дипломатиялық қарым-қатынас жағдайы басқа елдерде ондаған жылдар бойы, кейбірінде жүздеген жылдар бойы қалыптасқан.

Айта кеткен жөн, еліміз Қазақстан тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныды, көп кешікпей дипломатиялық қарым-қатынас та орнады. Қытай мен Қазақстан төтенше және өкілетті елшілер алмасты. Алғашқы мемлекеттік сапарлар болды. Мемлекет басшыларының, Үкімет басшыларының әртүрлі дәрежедегі мемлекеттік құрылым басшыларының кездесулері, келіссөздері өтті. Екі жақты келісімдерге қол қойылды. Біздің географиялық кеңістіктерімізге қан тамырларындай болып әуе жолымен де, темір жолымен де, автомобиль трассасымен де көлік көші жүрді. Бір сөзбен айтқанда екі жақты қарым-қатынастың дамып тереңдеуіне қажетті негіз де, алғы шарттар да қаланды.

Барлық ресми қабылданған Халықаралық «хаттамалық» міндеттемелер ескерілді, екі жақтан да есік ашылды. Жұрт бір-біріне жылы қарайды. Енді тату көршілік қарым-қатынас жағдайы туралы сөз қозғауға болды. Олар ең алдымен мемлекет басшыларының өзара қарым-қатынасы, дипломатиялық ынтымақтастық, ең соңында қол қойылған келісімдерінің жүзеге асырылуымен айқындалады.

Қытай -Қазақстан қарым-қатынасы жоғарғы қарқынмен дамып келеді. Саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік саладағы ынтымақтастығы да барған сайын күшейе түсті. Халықаралық ірі мәселелер жөніндегі екі елдің көзқарасы жақын болып, бір-бірін түсініп және қолдап отырады. Қазір екі елдің қатынасы тарихтағы ең жақсы дәрежеге жетіп отыр. Бұл қарым-қатынастың келешекте және де биік сатыға көтерілу мүмкіндігі зор.

Қазақстан дербес болғаннан кейінгі белгіленген сыртқы саясатында Қытай Халық Республикасы басты орынның бірін алып отыр. Қазақстан басшылары елімізбен болған қатынасты дамытуға баса назар аударып келеді. Екі елдің ел басшылары өзара достық сенімділік қатынас орнатып, екі елдің қатынасын дамытуға күшті тірек болып келеді. Қазақстанның Қытаймен тату-тәтті көрші болуы Қазақстанның әлемдік, әсіресе аймақтық рөлін күшейтуге септігін тигізіп отыр. Бұл әлемдік, аймақтық бейбітшілік үшін, әсіресе Қазақстанның дамуы үшін өте пайдалы болды. Қытай Қазақстанды Азия Тынық мұхит аймақтарымен байланыстыратын сара жол болып отыр. Қазақстанның Қытаймен саяси, экономикалық қатынасты тығыз дамытуы Қазақстанның ашық теңізге бөгелмей шығып, экономикалық қажеттілікті қанағаттандырып, Европа мен Азияның алтын көпірі болу рөлін күшейте түседі.

Еліміз де Қазақстанмен болған қатынасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл еліміздің сыртқы саясат стратегиясының мақсаты мен талаптарынан туындайды.

Қазақстан еліміздің жақын көршісі, екі елдің өте ұзын шекарасы әрі шекара аттап орналасқан көптеген ұқсас ұлттары бар. Қазақстанмен тату-тәтті көрші болу әрі бұл татулықты жақсартып дамыта беру еліміздің батыс Солтүстік аймақтарының саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуы үшін өте тиімді болып есептеледі. Қазақстан мен Орта Азиядағы басқа елдермен қатынасын жақсы дамыту үшін еліміз олармен қатынасты дамыту жөніндегі принципін белгіледі. Бұл принцип өте өміршендік күшке ие саясат болып, Қазақстанмен ұзақ уақыт достық ынтымақтастықты жалғастырудың кепілі болып отыр. Тату-тәтті достық көршілік қатынасты дамыта беру екі елдің де мүдделігінен туындайды.

Қазақстан мен Қытайдың экономикалық даму қарқыны тездетілуге, сауда-саттық мөлшері біркелкі болмағанымен, жалпы беталысы жоғарылап келеді. Жоңғо-Қазақстан елдерінің экономикалық құрылымының бір-біріне қажеттілігі бүгінгі күннің талабы болып отыр. Қазір кемшіліктерге екі ел де стратегиялық тұрғыдан баса назар аударып, мұқияттылықпен шешім қабылдайтын болса, екі елдің экономикалық ынтымақтастығы қазіргіден де мол табыстарға жетеді. Қытай ядролық қаруы бар елдердің ішіндегі ядролық қаруды Қазақстанға қолданбауға серт беріп отырған бірден-бір ел. Қытай бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауды мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі деп есептейді; Бұл жөніндегі еліміз бен Қазақстанның көзқарасы ұқсас болып отыр. Қазақстан дербес болғаннан кейін белгіленген мемлекеттік қауіпсіздік стратегиясы да қорғаныс үшін болып, Еуразия континентінің Қытай мен Қазақстан орналасқан аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауы екі елдің қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесіне сай келіп отыр. Шекара мәселесі жөнінде екі елде алға басарлық танытып, аталмыш мәселені толығымен шешті. Сонымен бірге шекара аймақтарындағы сенімділікті күшейтіп, қарулы күштерін қалыптастырды. Қазір екі елдің мемлекеттік қауіпсіздік жөнінде ешқандай қайшылығы жоқ, оның аймағындағы көптеген заңдық негіздегі құжаттармен шарттарға қол қойылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Совместная Декларация об основах дружеских взаимоотношений между РК и КНР.//Казахстанская правда. 1993г.№9.
2. Ч.Уалиханов. «Избранное произведение» Алматы, 1987г.
3. Тянь Жун Фэн. «XX ғасырдың 20 жылдарындағы Қазақстан Қытай ынтымақтастығының кейбір мәселелері». Автореферат. Алматы, 1998ж.
4. К.Тоқаев. «Страны АТР во внешней политики Казахстана».Автореферат. Алматы, 1998г.
5. К.Тоқаев. «Под стягом независимости. Очерки внешней политики Казахстана». Алматы, «Жеті жарғы», 1997г. 192 стр.
6. Н.Сейдім. «Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасында мемлекеттік шекара мәселесінің шешілуі»//Ақиқат 2002ж. №11. 20 бет.
7. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» Алматы, «Атамұра» 1992ж.138-бет.
8. Чжен Кун Фу. «Геополитика Казахстана. Между прошлым и будущим». Алматы «Жеті жарғы», 1999г. 269 стр.
9. Ж.К.Қасымбаев. «Қазақстан-Китай: Караванная торговля в XIX начале XX веков» Алматы, «Өнер», 1996г. 208 стр.
10. Чжен Кун Фу. «Геополитика Казахстана между прошлым и будущим» Алматы, «Жеті жарғы» 1999г. 281 стр.
11. Б.Ермуханов «Политика и дипломатия внутри и снаружения» //Казахстанская правда 1993г. 13 июнь.
12. Р.Қалиев. «Путь Казахстана в мировое сообщество» //Казахстанская Правда 1994 г. 13 июнь.
13. Е.Абенов. «Внешние политические интересы РК урок и перспективы»//Саясат 1995г. №1.

ӘОЖ 930.85

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚОҒАМДАР (XIX Ғ. АЯҒЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ)

Жусупова А.С.

zhusipova.aigerim@mail.ru

Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті